

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ	
3-деңгейдегі СМЖ күжаты	2017 ЖЫЛҒЫ « <u>25</u> » <u>05</u> №2 басылым	Е 029-01-11-03.4.01-2017

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-да студенттерді
шәкіртақымен қамтамасыз ету және өзге де материалдық
қолдау түрлері туралы**

ЕРЕЖЕ

П 029-02-11-03.4.01-2017

Алматы 2017

Алғы сөз

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Қаржы және есеп департаментінде ӘЗІРЛЕНДІ.

Қаржы және есеп департаментінің
директоры - бас бухгалтер
« 18 » 05 2017 ж.

 К.Жұмабаева

2 КЕЛІСІЛДІ

Корпоративтік даму жөніндегі
проректор
« 19 » 05 2017 ж.



 Б.Бармағамбетов


Корпоративтік даму
департаментінің директоры
« 19 » 05 2017 ж.

 Ж.Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын бағалау
басқармасының бастығы
« 22 » 05 2017 ж.

 А.Сауранбаева

Заң жүзінде қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы
« 23 » 05 2017 ж.

 Д.Кульджанова

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы
« 24 » 05 2017 ж.

 Ж.Орақбаева

3 Басқарма 2017 жылғы « 25 » 05 № 5 шешімімен БЕКІТІЛДІ

4 2015жылғы 18 қыркүйекте № 1 басылым орнына ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

1 Жалпы ереже	4
2 Шәкіртақымен қамтамасыз ету	4
3 Мемлекеттік атаулы шәкіртақыларды тағайындау және төлеу тәртібі	5
4 Студенттерге материалдық қолдау көрсету	7
Шәкіртақы мөлшері	
5 Студентке материалдық қолдау көрсетудің басқа да түрлері	8
Өзгерістерді тіркеу парағы	9

1 Жалпы ереже

1.1 Осы Ереже Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да білім алатын студенттерге, білім алушыларға шәкіртақы тағайындау және төлеу тәртібі мен басқа да материалдық қолдау көрсету тәртібін анықтайды.

1.2 Осы Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 07 ақпандағы № 116 «Білім беру ұйымдарындағы жекелеген санаттағы білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы төлеуді бекіту туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 28 қаулысы.

- Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Жарғысы.ҚР БЖҒМ 2015 жылғы 16 қазанда №602 бұйрығымен бекітілген.

2 Шәкіртақымен қамтамасыз ету

2.1 Шәкіртақы күндізгі оқу түрі бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, білім алушыларға тағайындалатын ақшалай өтемақы болып табылады, келесідей болып бөлінеді:

- Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы мемлекеттік шәкіртақысы;

- мемлекеттік шәкіртақы;

- атаулы шәкіртақы.

2.2 Мемлекеттік шәкіртақылар мемлекеттік білім тапсырысы бойынша күндізгі оқу түрінде білім алатын студенттерге тағайындалады және төленеді.

2.3 Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысы күндізгі бөлімде оқитын студенттерге 3-курстан және магистранттарға екінші оқу жылынан бастап мемлекеттік білім тапсырысы сияқты, ақылы негізде де, тек «үздік» білім алушыларға ғана тағайындалады. Қазақстан Республикасы Президентімен бекітілген Осы шәкіртақыны тағайындау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1134 «Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» қаулысының 6-тармағына сәйкес әзірленді. Шәкіртақыны тағайындау – Ғылыми кеңес шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен іске асырылады.

3 Мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу тәртібі

3.1 Студенттерге шәкіртақы төлеу – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталатын шәкіртақы қоры шеңберінде жүргізіледі. Шәкіртақы қоры – шәкіртақы төлеуге арналады және әрбір санаттағы білім алушылар үшін студенттер контингенті мен мөлшерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен анықталады.

3.2 Мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау – емтихан сессиясының нәтижелеріне байланысты, Университет ректорының бұйрығымен тағайындалады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші курсқа оқуға қабылданған студенттерге, магистранттарға бірінші семестрде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және бірінші семестр ішінде ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде мемлекеттік шәкіртақы өткен семестрдегі білім алушылардың емтихан сессиясы немесе аралық аттестация қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді. Білім алушылардың жазғы емтихан сессиясы немесе аралық аттестация нәтижелері бойынша, жазғы каникул кезіндегі мемлекеттік шәкіртақы екі айға (шілде, тамыз) қосылып бірге төленеді.

3.3 Мемлекеттік шәкіртақы – білім алушылардың емтихан сессиясы немесе аралық аттестация нәтижелері бойынша «жақсы», «үздік» деген бағаларға сәйкес келетін бағалар эквивалентіне ие, мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, білім алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылғандарға тағайындалады және білім алушылардың келесі емтихан сессиясы немесе аралық аттестация қорытындысы кезінде, семестр аяқталатын соңғы айға дейін, ай сайын әр айдың бірінде төленеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші семестрде бірінші курсқа (бірінші оқу жылына) оқуға қабылданған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және бірінші семестр ішінде ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде мемлекеттік шәкіртақы студенттерге, магистранттар мен интерндерге өткен семестрдегі білім алушылардың емтихан сессиясы немесе аралық аттестация қорытындысы бойынша тағайындалады және төленеді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көруі бойынша мүгедектер мен естуі бойынша мүгедектер, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған және қамқорлыққа (қамқоршылыққа) алынған балаларға мемлекеттік шәкіртақы білім алушылардың емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық қарыздары немесе аралық аттестация нәтижелері бойынша қанағаттанғысыз баға болмаған кезде төленеді.

Білім алушылардың жазғы емтихан сессиясы немесе аралық аттестация нәтижелері бойынша мемлекеттік шәкіртақыға ұсынылған студенттерге,

магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы жазғы каникул кезеңі үшін жалпы екі айға (шілде, тамыз) төленеді.

Білім беру ұйымдары белгілеген мерзімде сынақтар мен емтихандарды белгілі бір себептерге (сырқаттануына, отбасы жағдайына, табиғи зілзалаға) байланысты тапсыра алмаған студенттерге, магистранттарға растайтын құжаттарды тапсырғаннан кейін білім беру ұйымдарының басшыларымен сынақ және емтихандарды тапсыруға жеке уақыт белгілейді, содан кейін оларға осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.

Кәсіптік практика, жазғы каникул кезінде, студенттерге мемлекеттік шәкіртақы осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте төленеді.

Бір оқу орнынан басқасына ауыстырылған студенттерге, магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы оқу жоспарларындағы айырмашылықтар жойылғаннан кейін, осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте тағайындалады және төленеді.

Докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы барлық оқу мерзіміне тағайындалады және ай сайын төленеді.

Медициналық қорытынды (дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалысты қоспағанда, студенттер, магистранттар, докторанттар академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік шәкіртақы төленбейді.

Академиялық демалыстан келген студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы тағайындау мен төлеу – білім алушылардың алдағы болатын (кезекті) емтихан сессиясы немесе аралық аттестация қорытындылары бойынша және оқу жоспарларында айырмашылықтар болмаған жағдайда, белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Сырқаты бойынша екінші жылға оқуға қалдырылған студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы білім алушылардың кезекті емтихан сессиясы немесе аралық аттестация қорытындыларына дейін, бұрынғы оқу жоспарында орындалған семестр қорытындылары бойынша тағайындалады және төленеді.

Туберкулезбен ауырған студенттерге, магистранттарға, докторанттарға тиісті медициналық қорытындысы болған кезде, мемлекеттік шәкіртақы еңбекке жарамсыздық кезеңінде, бірақ еңбекке жарамсыз болған күннен бастап, кем дегенде он айға белгіленеді және төленеді.

Жүктілігі мен босануы бойынша демалыс кезеңінде студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген барлық мерзім ішінде, жүктілігі мен босануы бойынша демалысқа шыққанға дейін, белгіленген мөлшерде төленеді.

Академиялық демалыс кезеңінде жүктілігі мен босануына байланысты

уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты ұсынған кезде, академиялық демалыс тоқтатылады және жүктілігі мен босануы бойынша демалыс ресімделеді.

Үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы тағайындалмайды.

Білім алушылардың оқу үлгерімдеріне бақылау жүргізу жүктелген бөлімше басшысының қызметтік хаты (ұсынысы) негізінде, білім ұйымы басшысының немесе оның орнындағы тұлғаның бұйрығымен шәкіртақы тағайындалады.

Жеке тұлғаларға шәкіртақы төлеу – ақша алушылардың таңдауы бойынша банктен ашылған ағымдық шотқа, олардың сомаларын аудару арқылы жүзеге асырылады.

Шәкіртақы төлеу – екінші деңгейлі банктерде төлем карточкаларын дайындау немесе ағымдық шот ашқан кезеңде, сондай-ақ ұйымның орналасқан жерінде екінші деңгейлі банк болмағанда, төлем карточкаларымен қызмет көрсету бойынша, олардың пунктері мен құрылымдарында жүзеге асырылады.

4 Студенттерге материалдық қолдау көрсету. Шәкіртақы мөлшері

4.1 Студенттерге материалдық көмек көрсету:

- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен бөлінетін;
- жол жүруге жеңілдік;
- жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттерге киім, тамақ сатып алу үшін жыл сайынғы өтемақы төлеу;
- киім, тамақ және тұрғын үй сатып алуға бөлінетін бюджеттен тыс қаражат есебінен;
- өндірістік шәкіртақыға арналған демеушілік қаражат есебінен жүзеге асырылады.

4.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға ай сайынғы мемлекеттік шәкіратқы мөлшері келесідей белгіленеді:

- 1) жоғары білімнің оқу білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім ұйымдарында білім алатын студенттерге – 20 949 (жиырма мың тоғыз жүз қырық тоғыз) теңге;
- 2) магистранттарға – 53 530 (елу үш мың бес жүз отыз) теңге;
- 3) докторанттарға – 81 998 (сексен бір мың тоғыз жүз тоқсан сегіз) теңге.

Техникалық және кәсіптік (училище, колледж), орта білімнен кейінгі білімнің оқу білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім ұйымдарындағы студенттерге мемлекеттік шәкіртақы – жоғары білімнің оқу білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім ұйымдарының

студенттерінің мемлекеттік шәкіртақысы мөлшерінен 80 (сексен) пайыз деңгейінде белгіленеді.

Көруі бойынша мүгедектер мен естуі бойынша мүгедектер, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған және қамқорлыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар, сондай-ақ емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «үздік» деген бағаға ие студенттер мен магистранттар жоғары мемлекеттік шәкіртақы алуға құқылы.

4.3 Академиялық демалыстағы студенттерге, магистранттарға, докторанттарға мемлекеттік шәкіртақы медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыс кезеңінде, докторанттарға, студенттерге, магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы мөлшеріне сәйкес 50 (елу) пайыз (мүгедектерге – 75 (жетпіс бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.

4.4 Мемлекеттік шәкіртақы келесі жағдайларда тоқтатылады:

- оқудан шығару (шығару) себебіне байланысты емес, білім алушы білім беру ұйымынан оқудан шығарылған жағдайда;
- білім алушы қайтыс болған жағдайда;
- оқуды аяқтағаннан кейін шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

5 Студенттерді материалдық қолдаудың басқа да түрлері

5.1 Күндізгі оқу түрінде оқитын студенттерге, білім алушыларға мұқтаж студенттерге көмек көрсету үшін бюджеттен тыс қаражат есебінен қосымша қаражат бөлінеді.

5.2 Университет ректоры студенттің жеке өтініші негізінде бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.

5.3 Студенттерге материалдық көмек көрсеткен кезде, студенттер тобы мен Студенттер кәсіподағы ұйымдарының пікірі ескеріледі.

5.4 Күндізгі оқу түрі бойынша білім алатын жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттерге жыл сайын бюджеттен тыс қаражат есебінен жәрдемақы төленеді.

5.5 Студенттердің асханада тамақтануына, теміржол және әуе көлігімен жол жүруге төленетін ақыларының, шипажай-курорттарда емделуге және басқа да нысандарға төленетін ақыларының қымбаттауына байланысты, студенттердің материалдық жағдайларына байланысты, Студенттер кәсіподағы ұйымдарымен келісім бойынша Университет Ғылыми кеңесімен белгіленген тәртіпте, студенттерге өтемақы түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

өзгерістерді тіркеу парағы

Құжат атауы

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжат бөлімі, тармағы	Өзгерістер түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарлама нөмірі және күні	Өзгерістер енгізілді	
				Күні	Аты-жөні, қолы, лауазымы